«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2026 ж. «17» наурыз
N093039, N093040
бұйрығымен
**БЕКІТІЛГЕН**

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

**Саудалық атауы**
Винорелбин Келун-Казфарм

**Халықаралық патенттелмеген атауы**
Винорелбин

**Дәрілік түрі, дозасы**
Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, 10 мг/1 мл, 50 мг/5 мл

**Фармакотерапиялық тобы**
Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар. Антинеопластикалық препараттар. Өсімдік алкалоидтары және табиғи жолмен алынған басқа препараттар. Қабіршөп алкалоидтары және оның аналогтары. Винорелбин.
АТС коды L01CA04

**Қолданылуы**
- монотерапия ретінде немесе басқа химиотерапиялық препараттармен біріктіріліп өкпенің үдемелі ұсақ жасушалы емес обырында
- платина негізіндегі химиотерапиямен біріктіріліп өкпенің адъювантты ұсақ жасушалы емес обырында
- монотерапия ретінде немесе басқа препараттармен біріктіріліп сүт безі үдемелі обырында.

**Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі**
***Қолдануға болмайтын жағдайлар***
- винорелбинге немесе басқа винкаалкалоидтарға, қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық

- нейтрофилдердің бастапқы абсолютті саны <1 500 жасуша/мкл қанда, емдеуді бастаған күні немесе соңғы 2 апта ішінде бастан өткерген инфекциялық аурулар
- тромбоциттердің бастапқы саны <100 000 жасуша/мкл қанда;
- сары қызбаға қарсы вакцинамен бірге қолдану
- бала емізу кезеңінде қолдану.

***Қолдану кезіндегі қажетті сақтау шаралары***

Арнайы ескертулер

Винорелбин препаратын химиотерапияны қолдану тәжірибесі бар дәрігер тағайындауы тиіс.

Қан түзу жүйесінің бәсеңдеуі препаратпен байланысты негізгі қауіп болып табылатындықтан, емдеуді мұқият гематологиялық бақылаумен жүргізу қажет (әрбір жаңа енгізуден бұрын гемоглобин деңгейін және лейкоциттер, нейтрофилдер және тромбоциттер санын анықтау).

Нейтропения дозаны шектейтін жағымсыз реакция болып табылады. Нейтрофилдердің ең төменгі деңгейі химиотерапияның 7-14 күнінде байқалады, нейтропения жинақталмайды және 5-7 күн ішінде қайтымды.

Егер нейтрофилдер саны 1500 /мм3 төмен болса және/немесе тромбоциттер саны 100000/мм3 төмен болса, онда емдеуді қан көрсеткіштері қалпына келгенше кейінге қалдыру қажет.

Егер пациентте инфекциялық ауру туралы куәландыратын белгілер немесе симптомдар пайда болса, дереу тексеруден өту керек.

Пайдалану кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Анамнезінде жүректің ишемиялық ауруы бар барлық пациенттерге аса сақ болу ұсынылады (4.8-бөлімді қараңыз). Бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылулары бар пациенттерде препараттың фармакокинетикасы өзгермейді. Пациенттердің нақты тобы үшін дозаны түзету туралы ақпаратты 4.2-бөлімнен қараңыз.

Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде препараттың дозасын түзету қажет емес, өйткені бүйрек экскрециясының деңгейі жоғары емес (4.2-бөлімді қараңыз).

Егер сәулелену аумағы бауырды қамтитын болса, препаратты бір мезгілде тағайындау және сәулелік ем жүргізу ұсынылмайды.

Препаратты сары қызбаға қарсы вакцинамен бір мезгілге тағайындау қарсы көрсетілімде және құрамында тірі әлсіретілген микроорганизмдері бар вакциналармен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Винорелбин препаратын CYP 3A4 күшті тежегіштерімен немесе индукторларымен бір мезгілде қолдану кезінде сақтық шараларын ұстану керек (4.5-бөлімді қараңыз), фенитоинмен (барлық цитоуыттық препараттар

сияқты) және итраконазолмен (барлық қабіршөп алколоидтары сияқты) біріктіріп қолдану ұсынылмайды.

Көзге кездейсоқ тигізуден аулақ болыңыз: егер өнім қысыммен шашырап кетсе, мөлдір қабықтың қатты тітіркенуі немесе тіпті ойық жаралану қаупі бар. Егер жанасқан болса, инъекцияға арналған 9 мг/мл (0,9%) натрий хлориді ерітіндісімен көзіңізді дереу шайыңыз.

Винорелбинді қолдану кезінде пайда болатын өкпенің уыттылығы, соның ішінде ауыр жедел бронх түйілуі, интерстициальды пневмонит, жедел респираторлық дистресс синдромы (ЖРДС) туралы хабарланған. Винорелбин енгізілгеннен кейін ЖРДС басталғанға дейінгі орташа уақыт бір апта болды (3-тен 8 күнге дейін).

Егер ентігу, жөтел немесе этиологиясы анықталмаған гипоксия пайда болса, өкпеге уыттылығын жоққа шығару үшін пациентті тексеру керек. Пациенттердің осы санатында интерстициальді өкпе бұзылуының жиі даму жағдайларына байланысты жапон популяциясындағы пациенттерге ерекше сақ болу керек.

***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

*БАРЛЫҚ ЦИТОУЫТТЫ ПРЕПАРАТТАРҒА ОРТАҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ*

**Бірге қолдануға болмайды**

- Сары безгекке қарсы вакцинамен: барлық цитоуытты препараттар жағдайындағы сияқты, өлімге әкелетін жайылған вакциналық ауру қаупі.

**Бірге қолдану ұсынылмайды**

- Тірі аттенуирленген вакциналармен: (сары безгекке қарсы вакцина үшін қатар қолдануға қарсы көрсетілімін қараңыз), барлық цитоуытты препараттар жағдайындағыдай, өліммен аяқталатын жайылған вакциналық аурудың даму қаупі. Бұл қауіп негізгі аурудан туындаған иммуносупрессиямен ауыратын пациенттерде артады. Белсенділігі жойылған вакциналар болған жағдайда оларды пайдалану ұсынылады (мысалы, полиомиелиттен)
- Фенитоин:цитоуытты препаратпен бірге қолданған кезде асқазан-ішек жолында фенитоин сіңуінің азаюына байланысты құрысу синдромының асқыну қаупі; цитоуыттылықтың арту қаупі немесе бауырда оның метаболизмінің жылдамдау нәтижесінде цитоуытты препарат тиімділігінің жоғалуы.

**Сақтық шараларын ескере отырып, біріктіріп қолдану**

- Антикоагулянттармен емдеу: жағымсыз әсерлердің өзара ушығуы мүмкін, онкологиялық аурулары бар пациенттерде қан ұюының ішкі жеке өзгергіштігінің жоғары деңгейіне және ішуге арналған антикоагулянттар мен химиялық препараттар арасындағы өзара әрекеттесу ықтималдығына

байланысты ХҚО (халықаралық қалыптасқан қатынас) жүйелі бақыланып отырылуы керек.

- Макролидтер (кларитромицин, эритромицин, телитромицин)

Кларитромицин, эритромицин немесе телитромициннің бауырдағы метаболизмінің төмендеуі салдарынан антимитоздық уыттылықтың күшею қаупі. Мұқият клиникалық және биологиялық бақылау. Басқа антибиотик қолданылуы мүмкін.

- Кобицистат

Кобицистаттың бауыр метаболизмі төмендеуіне байланысты антимитоздық нейроуыттылық жоғарылайды. Мұқият клиникалық бақылау және антимитотик дозасы түзетілуі мүмкін.

**Біріктіріп қолданған кезде ескеру керек**

- Иммуносупрессанттар (циклоспорин, эверолимус, сиролимус, такролимус): лимфопролиферация қаупі бар ауыр иммуносупрессия.

*ҚАБІРШӨП АЛКАЛОИДТАРЫНА ТӘН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ*

**Бірге қолдану ұсынылмайды**

- Итраконазол, позаконазол, кетоконазол: итраконазол, кетоконазол немесе позаконазол әсерінен бауыр метаболизмі төмендеуіне байланысты препарат нейроуыттылығының жоғарылауы.

**Сақтық шараларын ескере отырып, біріктіріп қолдану**

- Протеаза тежегіштері

Протеаза тежегіштерінің әсерінен бауыр метаболизмінің төмендеуіне байланысты препарат уыттылығының жоғарылауы. Клиникалық мұқият бақылау және препараттың дозасын түзету мүмкіндігі.

**Біріктіріп қолданған кезде ескеру керек**

- Митомицин С: митомициннің өкпеге уыттылығының күшеюі.

-Р-гликопротеин индукторлары мен тежегіштері: қабіршөп алкалоидтары Р-гликопротеин үшін субстрат болып табылады, Винорелбин препаратын осы тасымалдаушы ақуыздың функциясын өзгертетін препараттармен бірге қолданғанда сақ болу керек.

*ВИНОРЕЛБИНГЕ ТӘН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ*

Винорелбин метаболизміне CYP3A4 изоферменті қатысады. Осы изоферменттің күшті тежегіштерімен (кетоконазол, итраконазол) бірге қолдану қан плазмасындағы винорелбиннің концентрациясын арттыруы мүмкін; осы изоферменттің күшті индукторларымен (рифампицин, фенитоин) біріктірілімі қан плазмасындағы винорелбиннің концентрациясын төмендетуі мүмкін.

Винорелбинді белгілі миелоуыттылығы бар басқа препараттармен бірге қолдану миелосупрессивті жағымсыз реакциялар айқындылығын арттыруы мүмкін.

Цисплатин: винорелбин мен цисплатинді бірнеше емдеу циклдары бойы біріктіріп қолданғанда өзара әсері болмайды. Алайда, винорелбиннің цисплатинмен біріктірілімін қолданғанда гранулоцитопения жағдайларының жиілігі винорелбин монотерапиясына қарағанда жоғары.

Вена ішіне винорелбин мен лапатиниб біріктірілген I фазалық клиникалық зерттеуде 3/4 класты нейтропения жиілігінің жоғарылауы туралы болжам жасалды. Бұл зерттеуде вена ішіне винорелбиннің ұсынылған дозасы тәулігіне 1000 мг дозада лапатинибпен бірге әр 3 апта сайын 1-ші және 8-ші күні 22,5 мг/м2 құрады. Сондықтан мұндай біріктірілімді сақтықпен тағайындау керек.

***Арнайы ескертулер***

Арнайы ескертулер

Винорелбин препаратын химиотерапияны қолдану тәжірибесі бар дәрігер тағайындауы тиіс.

Қан түзу жүйесінің бәсеңдеуі препаратпен байланысты негізгі қауіп болып табылатындықтан, емдеуді мұқият гематологиялық бақылаумен жүргізу қажет (әрбір жаңа енгізуден бұрын гемоглобин деңгейін және лейкоциттер, нейтрофилдер және тромбоциттер санын анықтау).

Нейтропения дозаны шектейтін жағымсыз реакция болып табылады. Нейтрофилдердің ең төменгі деңгейі химиотерапияның 7-14 күнінде байқалады, нейтропения кумулятивті емес және 5-7 күн ішінде қайтымды.

Егер нейтрофилдер саны 1500 /мм3 төмен болса және/немесе тромбоциттер саны 100000/мм3 төмен болса, онда емдеуді қан көрсеткіштері қалпына келгенше кейінге қалдыру қажет.

Егер пациентте инфекциялық ауру туралы куәландыратын белгілер немесе симптомдар пайда болса, дереу тексеруден өту керек.

Пайдалану кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Анамнезінде жүректің ишемиялық ауруы бар барлық пациенттерге аса сақ болу ұсынылады. Бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылулары бар пациенттерде препараттың фармакокинетикасы өзгермейді.

Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде препараттың дозасын түзету қажет емес, өйткені бүйрек экскрециясының деңгейі жоғары емес.

Егер сәулелену аумағы бауырды қамтитын болса, препаратты бір мезгілде тағайындау және сәулелік ем жүргізу ұсынылмайды.

Препаратты сары қызбаға қарсы вакцинамен бір мезгілге тағайындау қарсы көрсетілімде және құрамында тірі әлсіретілген микроорганизмдері бар вакциналармен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Винорелбин препаратын CYP 3A4 күшті тежегіштерімен немесе индукторларымен бір мезгілде қолдану кезінде сақтық шараларын ұстану керек, фенитоинмен (барлық цитоуытты препараттар сияқты) және

итраконазолмен (барлық қабіршөп алколоидтары сияқты) біріктіріп қолдану ұсынылмайды.
Көзге кездейсоқ тигізуден аулақ болыңыз: егер өнім қысыммен шашырап кетсе, мөлдір қабықтың қатты тітіркенуі немесе тіпті ойық жаралану қаупі бар. Егер жанасқан болса, инъекцияға арналған 9 мг/мл (0,9%) натрий хлориді ерітіндісімен көзіңізді дереу шайыңыз.
Винорелбинді қолдану кезінде пайда болатын өкпенің уыттылығы, соның ішінде ауыр жедел бронх түйілуі, интерстициальды пневмонит, жедел респираторлық дистресс синдромы (ЖРДС) туралы хабарланған. Винорелбин енгізілгеннен кейін ЖРДС басталғанға дейінгі орташа уақыт бір апта болды (3-тен 8 күнге дейін).
Егер ентігу, жөтел немесе этиологиясы анықталмаған гипоксия пайда болса, өкпеге уыттылығын жоққа шығару үшін пациентті тексеру керек.
Пациенттердің осы санатында интерстициальді өкпе бұзылуының жиі даму жағдайларына байланысты жапон популяциясындағы пациенттерге ерекше сақ болу керек.
*Жүктілік:*
Жүкті әйелдерде винорелбинді қолдану туралы деректер жеткіліксіз. Жануарлардың көбеюін зерттеуде винорелбин эмбриоуыттылық пен тератогенділікті көрсетті (5.3-бөлімді қараңыз). Жануарларға жүргізілген осы зерттеулердің нәтижелеріне және препараттың фармакологиялық әсеріне сүйене отырып, эмбриональды және фетальды ауытқулар ықтимал қаупі бар.
Егер жүктілік кезінде Винорелбинмен емдеудің өмірлік маңызды көрсетілімдері болса, дәрігермен балаға зиянды әсер ету қаупі туралы кеңесу керек. Егер жүктілік емдеу кезінде орын алса, генетик-маманмен кеңескен жөн.
*Бала туу жасындағы әйелдер:*
Бала туу жасындағы әйелдер контрацепция әдістерін емдеу кезінде және емдеу аяқталғаннан кейін 3 ай бойы қолдануы керек.
*Бала емізу:*
Винорелбиннің емшек сүтіне бөлінетіні белгісіз. Емшек емізу кезінде винорелбиннің уытты әсер ету қаупін жоққа шығаруға болмайды. Бала емізу препаратты қолданар алдында тоқтатылуы керек. Винорелбин препаратын бала емізетін кезеңде қолдануға болмайды.
*Фертильділік:*
Винорелбин препаратымен емделіп жатқан ер адамдарға емдеу курсынан кейінгі 3 ай ішінде балалы болмауға кеңес беріледі.
Емдеу курсы басталғанға дейін винорелбинмен емдеуден кейін қайтымсыз бедеулік қаупіне байланысты сперманы кейіннен ұрықтандыру үшін консервациялау ұсынылады.
*Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері*
Препараттың автокөлік және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері туралы зерттеулер жүргізілмеген. Фармакодинамикалық

қасиеттері негізінде винорелбин көлік құралын жүргізу және механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді. Алайда, сақтық шараларын қабылдаған жөн, өйткені винорелбинмен емдеу жағымсыз әсерлерге әкелуі мүмкін.

**Қолдану бойынша ұсынымдар**

***Дозалау режимі***

Қатаң түрде тиісті сұйылтудан кейін вена ішіне енгізу.

Винорелбинді интратекальды енгізу өлімге әкелуі мүмкін.

Препарат сұйылтылғаннан кейін 6-10 минут ішінде инфузия түрінде вена ішіне енгізілуі мүмкін.

Пайдалану және дұрыс қолдану жөніндегі нұсқаулық.

***Қолдану тәсілі***

- Винорелбинді инъекцияға арналған 9 мг/мл (0,9%) натрий хлориді ерітіндісімен немесе инъекцияға арналған 5% глюкоза ерітіндісімен көлемі 20-50 мл инфузиялық пакетте сұйылтқаннан кейін 6-10 минут ішінде енгізу ұсынылады.
- Препаратты енгізгеннен кейін венаны шаю үшін әрдайым кем дегенде 250 мл физиологиялық ерітінді енгізу керек.

Монотерапия кезінде препараттың стандартты дозасы аптасына бір рет 25-30 мг/м2 құрайды.

Біріктірілген химиотерапия кезінде препараттың стандартты дозасы 25-30 мг/м2 құрайды, бірақ енгізу жиілігі төмендейді - 1 және 5 күндері әрбір 3 апта сайын немесе 1 және 8 күндері әрбір 3 апта сайын - ісікке қарсы ем хаттамасына байланысты.

***Егде жастағы пациенттерде қолдану***

Клиникалық тәжірибе егде жастағы пациенттер арасында жауап беру жылдамдығына қатысты айтарлықтай айырмашылықтарды анықтамаған, дегенмен бұл пациенттердің кейбірінде жоғарылау сезімталдықты жоққа шығаруға болмайды. Жас ерекшелігі препараттың фармакокинетикасына әсер етпейді.

***Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде қолдану***

Винорелбин фармакокинетикасы бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылуы бар пациенттерде өзгермейді. Дегенмен бұндай пациенттерде сақтық шаралары ретінде ұсынылатын доза 20 мг/м2 құрайды және бауыр функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде гематологиялық параметрлерді мұқият бақылау ұсынылады.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде қолдану

Бүйрек экскрециясының деңгейі жоғары болмағандықтан фармакокинетика тұрғысынан бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерге препараттың дозасын төмендету үшін ешқандай негіз жоқ.

***Балаларда қолдану***

Препаратты балаларда қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі зерттелмеген, сондықтан қолдану ұсынылмайды.

***Енгізу әдісі мен жолы***

Винорелбин Келун-Казфарм инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентратты медициналық персонал сұйылтуы және стационар жағдайында сақтауы тиіс.
Құйылатын доза физиологиялық ерітіндімен (20-50 мл) немесе 5% глюкоза ерітіндісімен (мысалы, 50 мл) сұйылтылуы және қысқа кезең ішінде вена ішіне (6-10 мин) енгізілуі тиіс. Препаратты құю венаны физиологиялық ерітіндімен молынан (250 мл) шаюмен қатар жүруі тиіс.
Винорелбин Келун-Казфарм препаратын құюды бастар алдында иненің венаға дұрыс енгізілгеніне нақты сенімді болу керек. Егер Винорелбин құйған кезде қоршаған тіндерге өтсе, онда бұл айқын тітіркенуді туындатады. Бұл жағдайда препаратты құюды тоқтатып, венаны шаю және дозаның қалғанын басқа венаға құю керек. Қалыпты жылуды қолдану өнімнің таралуын жеңілдетеді және целлюлит қаупін азайтады. Экстравазация жағдайында флебит қаупін азайту үшін глюкокортикоидтарды бірден вена ішіне енгізуге болады.
Препаратты физиологиялық ерітіндімен немесе 5% глюкоза ерітіндісімен қосымша сұйылтудан кейінгі дайын ерітіндіні қатаң сақталынатын асептикалық жағдайларда бейтарап шыныдан жасалған герметикалық жабылған құтыларда немесе инфузияға арналған (ПВХ) пакетте жарықтан қорғалған жерде 24 сағатқа дейін (бөлме температурасында) сақтауға болады. Инъекцияға арналған ерітінділерді енгізер алдында бөлшектердің немесе түссізденудің болуын көзбен шолып тексеру керек.

***Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі***

Әдетте препарат аптасына бір рет тағайындалады. Жиілігін емдеуші дәрігер анықтайды.

***Емдеу ұзақтығы***

Емдеу ұзақтығын дәрігер анықтайды.

***Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар***

*Симптомдары:* винорелбиннің артық дозалануы кейде инфекциямен, қызбамен және салданған ішек бітелуімен бірге сүйек кемігінің гипоплазиясын тудыруы мүмкін.
*Емі:* қан құюмен, өсу факторларын енгізумен және кең ауқымды антибиотиктерді қолданумен қатар жалпы демеуші ем, өсу факторлары әсер етуін дәрігер анықтайды.
*Антидоты:* жоқ

***Тоқтату симптомдары қаупі болуын көрсету***

Дәрігеріңіз емдеуді қашан тоқтату керектігін шешеді. Алайда, егер сіз емдеуді ертерек тоқтатқыңыз келсе, басқа нұсқаларын дәрігеріңізбен талқылауыңыз керек.

***Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша ұсынымдар***

Осы препаратты қолдану туралы қандай да бір қосымша сұрақтар туындаса, өз дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

**ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар**

Жекелеген жағдайларға қарағанда жиі кездесетін жағымсыз реакциялар мынадай градацияға сәйкес ұсынылған: өте жиі (≥1/10), жиі (≥1/100-ден <1/10-ға дейін), жиі емес (≥1/1000-нан <1/100-ге дейін), сирек (≥1/10000-нан <1/1000-ға дейін), өте сирек (<1 /10000), белгісіз (жиілікті қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес).

Ең жиі кездесетін жағымсыз әсерлер: нейтропениямен сүйек кемігінің бәсеңдеуі, анемия, неврологиялық бұзылыстар, жүрек айнумен, құсумен, стоматитпен және іш қатумен асқазан-ішек уыттылығы, бауыр ферменттерінің уақытша жоғарылауы, алопеция және жергілікті флебит.

Маркетингтен кейінгі және клиникалық зерттеулер тәжірибесінен басқа жағымсыз реакциялар «белгісіз» жиілігімен MedDRA жіктемесіне сәйкес қосылды.

Толық ақпарат:

Реакциялар ДДҰ жіктемесіне сәйкес сипатталған (1 дәреже = G1; 2 дәреже = G2; 3 дәреже = G3; 4 дәреже = G4; 1-4 дәреже = G1-4; 1-2 дәреже = G1-2; 3-4 дәреже = G3-4).

*Инфекциялық және паразиттік аурулар*

*Жиі:*

- жеңілден орташаға дейінгі, дұрыс емдегенде қайтымды болатын әр түрлі жерде орналасқан бактериялық, вирустық немесе зеңдік инфекциялар (респираторлық, несеп-жыныстық, асқазан-ішек жолдары)

*Жиі емес:*

- кейде ағзалық жеткіліксіздігі бар ауыр сепсис
- септицемия

*Өте сирек:*

- кейбір жағдайларда өліммен аяқталатын асқынған септицемия

*Белгісіз:*

- нейтропениялық сепсис
- нейтропениялық инфекция (G3-4)

*Қан түзу жүйесі және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар*

*Өте жиі*

- нейтропенияға әкелетін сүйек кемігі функциясының бәсеңдеуі (G3:24,3%; G4:27,8%), ол 5-7 күн ішінде қайтымды болып табылады және кумулятивті емес
- анемия (G3-4: 7,4%)

*Жиі*

- тромбоцитопения (G3-4: 2,5%), бірақ сирек ауыр түрде болады

*Белгісіз*

- фебрильді нейтропения
- панцитопения
- лейкопения (G1-4)

*Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар*
*Белгісіз*
- жүйелі аллергиялық реакциялар (анафилаксия, анафилаксиялық шок немесе анафилаксиялық типті реакция)
*Эндокриндік жүйе тарапынан бұзылулар*
*Белгісіз*
- антидиуретикалық гормонның талапқа сай емес секрециясы синдромы (АДГ ТСС)
*Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар*

*Сирек*
- ауыр гипонатриемия
*Белгісіз*
- анорексия
*Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар*

*Өте жиі*
- неврологиялық бұзылулар (G3-4: 2,7%), оның ішінде терең сіңір рефлекстерінің бұзылуы
- ұзақ уақыт емдегеннен кейін аяқ бұлшықеттерінің қатты шаршауы байқалуы мүмкін
*Жиі емес*
- жүйке-қозғалыс бұзылуларымен ауыр парестезия
*Белгісіз*
- бас ауыруы
- бас айналуы
- атаксия
- қайтымды артқы энцефалопатия синдромы
*Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан бұзылулар*
*Сирек*
- жүректің ишемиялық ауруы (стенокардия, кейде өліммен аяқталатын, миокард инфарктісі)
*Өте сирек*
- тахикардия, жүрек қағысының жиілеуі және жүрек ырғағының бұзылуы
*Белгісіз*
- жүрек жеткіліксіздігі
*Тамыр жүйесі тарапынан бұзылулар*
*Жиі емес*
- артериялық гипотензия, артериялық гипертензия, аяқ-қолдардың ысынуы және салқындауы
*Сирек*
- ауыр гипотензия, коллапс
*Тыныс алу ағзалары тарапынан бұзылулар*
*Жиі емес*

- тыныс алу және бронх түйілуі винорелбинмен де, басқа қабіршөп алкалоидтарымен бірге де пайда болуы мүмкін
*Сирек*
- интерстициальды пневмония, өліммен аяқталуы мүмкін
*Белгісіз*
- жөтел G1-2
- өкпе артериясының тромбоэмболиясы
- кейде өлімге әкелетін, жедел респираторлық дистресс синдромы
*Ас қорыту жүйесі тарапынан бұзылулар*
*Өте жиі*
- жүрек айнуы, құсу (G1-2: 30,4% және G3-4: 2,2%), жиілігін құсуға қарсы ем көмегімен төмендетуге болады
- іш қату - негізгі симптом (G3-4: 2,7%), сирек үдейді және винорелбинді басқа химиотерапиялық препараттармен біріктіріп қолданғанда да винорелбинмен монотерапия кезінде де, (G3-4: 4,1%) ішектің бітелуіне әкеледі.
- стоматит (G1-4: монотерапия ретінде винорелбинмен 15% )
*Жиі*
- жеңілден орташа дәрежеге дейінгі диарея
*Сирек*
- ішектің салданып бітелуі, ішектің қалыпты моторикасы қалпына келтірілгеннен кейін емдеу қайта басталуы мүмкін
- панкреатит
*Белгісіз*
- асқазан-ішектен қан кету
- қатты диарея
- іштің ауыруы
*Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар*
*Өте жиі*
клиникалық симптоматикасыз бауыр трансаминазалары (G1-2) белсенділігінің транзиторлы жоғарылауы (АСТ 27,6% - да және АЛТ 29,3%-да)
*Белгісіз*
- бауыр функциясының бұзылуы
*Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар*
*Өте жиі*
- алопеция (G3-4: винорелбинмен монотерапия кезінде 4,1%)
*Сирек*
- жайылған тері реакциялары
*Белгісіз*
- алақан-табан эритродизестезиясы
- тері гиперпигментациясы (жылантәріздес венаүстілік гиперпигментация)
*Бұлшықет-қаңқа және дәнекер тіндер тарапынан бұзылулар*
*Жиі*
- артралгия, жақ сүйегінің ауыруын қоса

- миалгия
*Жалпы бұзылулар және препаратты енгізу орнының жай-күйі*
*Өте жиі*
- эритема, күйдіріп-ашыту, вена түсінің өзгеруі және енгізу орнындағы флебит сияқты препаратты енгізу орнындағы реакциялар (G3-4: винорелбинмен монотерапия кезінде 3,7%)
*Жиі*
- астения, қажу
- температураның жоғарылауы
- кеуденің ауыруын, ісіктің орналасқан орнындағы ауыруды қоса, әртүрлі жерде орналасқан ауыру
*Сирек*
- вена ішіне дұрыс енгізбеу салдарынан препаратты енгізу орнындағы қоршаған тіндердің некрозы
*Белгісіз*
- қалтырау G1-2
*Зертханалық және аспаптық зерттеулер*
*Белгісіз:*
- салмақ жоғалту.
Винорелбиннің мынадай жағымсыз дәрілік реакциялары туралы қосымша хабарланды: дәмнің бұзылуы, көрудің бұзылуы, ұйқысыздық, дисфагия, эзофагит, нейромоторлық бұзылыстар, салмақтың артуы, дизурия және басқа урогенитальді бұзылыстар.

**Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау**
ДП «пайда-қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркелгеннен кейін күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімеуге кеңес беріледі.
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

**Қосымша мәліметтер**
***Дәрілік препараттың құрамы***
*Бір мл концентрат (бір құты) құрамында*
*белсенді зат* – винорелбин тартраты, 13.85 мг
(10 мг винорелбинге баламалы)
*қосымша зат* – инъекцияға арналған су.
*5 мл концентраттың (бір құты) құрамында*
*белсенді зат* – винорелбин тартраты, 69.25 мг
(50 мг винорелбинге баламалы),
*қосымша зат* – инъекцияға арналған су.

***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***
Түссізден бозғылт-сары түске дейінгі мөлдір ерітінді.

**Шығарылу түрі және қаптамасы**
1 мл (10 мг/1 мл доза үшін), 5 мл (50 мг/5 мл доза үшін) концентраттан көк түсті алынбалы пластмасса қақпағы бар алюминий қалпақшаның көмегімен бекітілген резеңке тығыны бар I типті түссіз шыныдан жасалған құтыларда. 1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

**Сақтау мерзімі**
2 жыл.
Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.
Дайындалған ерітіндіні 24 сағат бойы сақтау керек.
***Сақтау шарттары***
Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде 2-ден 8 ºС-ге дейінгі температурада сақтау керек.
Мұздатып қатыруға болмайды!
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

**Дәріханалардан босатылу шарттары**
Рецепт арқылы

**Өндіруші туралы мәліметтер**
Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147,
тел./ факс: 8 (727) 312-14-01, kelun_reg@mail.ru

**Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**
Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147,
тел./ факс: 8 (727) 312-14-01, kelun_reg@mail.ru

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)**
Kelun-Kazpharm (Келун-Қазфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147,
тел./ факс: +7 771 588 72 17 , e-mail: kelun_farmakonadzor@mail.ru

**УТВЕРЖДЕНА**
Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского и
фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «17» марта 2026г.
№N093039, N093040

# Инструкция по медицинскому применению лекарственного препарата (Листок-вкладыш)

**Торговое наименование**
Винорелбин Келун-Казфарм

**Международное непатентованное название**
Винорелбин

**Лекарственная форма, дозировка**
Концентрат для приготовления раствора для инфузий, 10 мг/1 мл, 50 мг/5 мл

**Фармакотерапевтическая группа**
Антинеопластические и иммуномодулирующие препараты. Антинеопластические препараты. Алкалоиды растительные и другие препараты природного происхождения. Барвинка алкалоиды и его аналоги. Винорелбин.
Код АТХ L01CA04

**Показания к применению**
- прогрессирующий немелкоклеточный рак легкого в качестве монотерапии или в комбинации с другими химиотерапевтическими препаратами
- адъювантный немелкоклеточный рак легкого в комбинации с химиотерапией на основе платины
- прогрессирующий рак молочной железы в качестве монотерапии или в комбинации с другими препаратами.

**Перечень сведений, необходимых до начала применения**
***Противопоказания***
- гиперчувствительность к винорелбину или другим винкаалкалоидам, к любому из вспомогательных веществ

- исходное абсолютное число нейтрофилов <1 500 клеток/мкл крови, инфекционные заболевания в день начала терапии или перенесенные в течение последних 2-х недель
- исходное число тромбоцитов <100 000 клеток/мкл крови
- совместное применение с вакциной против желтой лихорадки
- применение в период кормления грудью.

***Необходимые меры предосторожности при применении***

Специальные предупреждения

Винорелбин должен быть назначен врачом, имеющим опыт применения химиотерапии.

Поскольку угнетение кроветворной системы является основным риском, связанным с препаратом, лечение необходимо проводить под тщательным гематологическим контролем (определение уровня гемоглобина и количества лейкоцитов, нейтрофилов и тромбоцитов перед каждым новым введением).

Нейтропения является дозолимитирующей нежелательной реакцией. Самый низкий уровень нейтрофилов наблюдается на 7-14 дни проведения химиотерапии, нейтропения некумулятивна и обратима в течение 5-7 дней.

Если количество нейтрофилов ниже 1500 /мм³ и/или количество тромбоцитов ниже 100000/мм³, то лечение необходимо отложить до восстановления показателей крови.

Если у пациента появились признаки или симптомы, свидетельствующие об инфекционном заболевании, следует незамедлительно пройти обследование.

Особые меры предосторожности при использовании

